



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қазіргі кезде неке шарты елімізде кеңінен таралмаса да, жұбайлар арасында сирек те болса жасалынатын шарт. Неке шартын жасаушы ерлі-зайыптылардың өте аз болу себебі, көпшіліктің неке шартының мәні мен мағынасын біле бермеуінде. Бұл шартқа ел арасында айтылып жатқан даулар да аз емес. Кейбіреулері неке шарты ажырасуды көзейтін құбылыс десе, енді біреулері бұл шарт қоғамымызға, мемлекетімізге мүлде қажет емес дейді. Бұған айтарым неке шартына отыру, некеге тұрушы және ерлі-зайыптылардың міндеті емес - құқығы. Егер жұбайлар неке шарты бізге керек деп шешсе- оны қолданады, керек емес десе өз еркі. Статистикаға сүйенетін болсақ, Қазақстанда 2014 жылдың I тоқсанында 100 некеден 34 айырылысу жағдайлары болған. Оның ішіндегі 5-еуі ғана неке шартын жасасқан[7]. Бұл шарт біздің қоғамға жаңашылдық болғандықтан болар, тәжірибеде көп қолданылмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
2. «Неке және отбасы туралы» ҚазКСР кодексіне комментарий. Сүлейманов М.К., Мыңбаев К.Е., - Алматы, 1989 ж.
3. «Неке және отбасы туралы»Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 17 желтоқсан N 321-І
4. «Семейное право: Вопросы и ответы» Гришин И.П., Гришина И.И.. - М.: Юриспруденция, 2001. – 128б.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан
6. Нечаева А.М. Семейное право. Лекциялар курсы. - М.: ЮРИСТ, 2000.
7. <http://www.bala-kkk.kz/>

ӘОЖ 347.61/.64

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАЛАРЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қамбарханова Акерке

k.akerke_1303@mail.ru

Л.Н. Гумилев Еуразия ұлттық университетінің студенті, Астана қ.
Ғылыми жетекші – Тулеубаева Г.Ж.

Отбасы – неке институты – адамдардың өмір сүру жағдайларымен олардың қабылдаған әлеуметтік нормаларымен және құндылықтарымен тығыз байланысы бар тарихи құбылыс болып табылады.Отбасы әлеуметтік бірлік ретінде, әрдайым әлемдік дамудың басты элементтерінің бірі ретінде қарастырылған. Отбасының басымдылығы идеологиясы, қоғам мен адамның өмір сүруі және дамуы үшін отбасының қажетті құндылығы көптеген нормативтік актілерде және әр елдің өзіндік заңнамасында бекітілген. Осындай салыстырмалы талдаулар жасау неке институтын және мемлекеттердің ұлттық отбасы саясатын жетілдірудің жолыдеп білуге болады. Бізбен Қазақстандық және жетекші шет елдердің, атап айтқанда АҚШ, Франция, Қытай,Ресей Федерациясының және т.б мемлекеттердің отбасы заңнамасында көрсетілген неке процестерінің ортақ объектілерін бірнеше позициялардан саралауға әрекет етілді.

Неке қию рәсімімен оның ерекшеліктері. Неке қию әр елде өзінің заңында тікелей көзделгендей әр түрлі жүргізілуі мүмкін, біреуінде діни болса, келесісінде мемлекеттік мекемеде тіркелу арқылы жүзеге асады. Бұдан басқа, кейбір мемлекеттерде неке қию рәсімінің екеуіде талап етілуі мүмкін.Осылайша, Британияда неке қию шарты ресми түрде жүргізіледі де, алдымен шіркеуде, христиандық дін қызметкерінің немесе оның өкілінің келісімін алғаннан кейін, көпшілікке хабардар етіледі [1,152].

Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы кодексінің 13-бабына сәйкес, неке некеге отыратын адамдардың тікелей қатысуымен тіркеуші органдарда не арнайы мемлекеттік неке сарайларында қиылады.

Некеге тұруға тілек білдірген адамдардың біреуі тіркеуші органға келе алмайтын ерекше жағдайларда (ауыр науқастануы, қамауда немесе бас бостандығынан айыру орындарында болуы) некені қиюды мемлекеттік тіркеу үйде, медициналық немесе өзге ұйымда тиісті ұйымның әкімшілігімен міндетті түрде келісе отырып, некеге отыратын адамдардың қатысуымен жүргізіледі. Неке қию некеге отыруға тілек білдірушілер тіркеуші органға өтініш берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Францияда, некелесу ерлі-зайыптардың бірінің тұрғылықты мекен-жайы бойынша мэрияда(әкімдікте) өтеді. Ерлі-зайыптар мэрияға жүгінеді, ол жерде оларға қажетті құжаттар тізімін береді (жеке куәлік, тұрғылықты мекен-жайды ауыстыру туралы құжаттар, куәгерлер туралы мәлімет және т.б.). Жиналған құжаттар мэрияға тапсырылады, содан соң некелесу туралы хабарлама басылып шығарылады. Құжаттарды қарастыру мен басып шығаруға әдетте екі айға жуық уақыт кетеді. Басылымнан 10 күн өткен соң некені ресімдеуге болады [2].

Қытайдың 1980 жылғы қабылданған Некелесу заңнамасына сәйкес, онда ресми және заңды рәсім қажет етілмейді, бірақ арнайы мемлекеттік мекемеде, некелесу актісі кітабында қол қою арқылы тіркелулері міндетті [3, 67].

Кей уақытта тіпті өркендеген мемлекеттердің өзінде неке қию тек діни және заңи түрде ғана емес, бұрыннан бері қалыптасып қалған салт – дәстүрлерден де тәуелді болуы мүмкін. Мысалы, Жапония азаматтары болашақ ерлі-зайыпты атануы үшін алдын – ала үйлену саяхатына барып, кейіннен муниципалитетке өтініш жазулары тиіс [4, 2].

Неке қиюдың шарттары және оған жол берілмейтін жағдайлар. Жалпы дамыған мемлекеттердің неке қию шарттары Қазақстан Республикасының неке қию шарттарымен әжептәуір ұқсас болып келеді. Ең бастысы барлық жерде некелесу тек қана екі жақтың ерікті келісімі қажет етілетін тиісті нормаларымен жүзеге асырылады. Франция, Англия, Америка және Қытай мемлекеттерінде Қазақстандағы сияқты неке қиюшылар тек өз еріктерімен отбасын құра алады. Бұл принципті бұзса, яғни некелесуші бір тарап мәжбүрленген болса, онда соған әсерін тигізген адам жауапқа тартылуы мүмкін. Мысалы, Қытайда бұл заңды бұзған тұлғалар азаматтық жауапқа тартылады. Бұрынғы кездері некелесуші тараптардың ата-анасы, материалдық жағдайларына байланысты некеге отырғызуға шешімді қабылдаса, қазіргі таңда бұған Қытайда заң жүзінде жол берілмейді [3, 67]. Ал Америкада мәжбүрлі түрде некеге тұрған тұлға заңнаманың 2211 пунктке сәйкес, төрт жыл ішінде сотқа ажыруса жайында арыз бере алады, егер мерзім өтіп кетсе бұл құқығын да жоғалтады.

Барлық өркендеуші мемлекеттерде некенің моногамдылық принципі бекітілген (мұсылман мемлекеттерін қоспағанда). Яғни, бұл бір некелік отбасы және алдыңғы некені бұзбай екінші рет неке құруға рұқсат етілмейді деген сөз. Қазақстан Республикасының азаматтары да міндетті түрде бұл қағиданы сақтай отырып отбасын құрай алады.

Неке құрудағы тағы бір маңызды және міндетті қағидалардың бірі болып, жақын туыстардың арасындағы некеге жол бермеу. Бұл принцип Қазақстан Республикасының отбасы және неке туралы заңнамасында да көзделінеді және жақын туыстырмен қатар бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың арасындағы некеге тыйым салынады [5]. Осылайша, Францияның Азаматтық кодексінің 147 пунктіне және Француз заңнамаының 215-217 пункттеріне сәкес жақын туыстардың араларында да неке құруға тыйым салынған және бұндай неке шарттары бірден күшін жояды.

Британдық құқықта некелесу шартының тараптары бір-бірімен жақын туыстық қатынаста болуына жол берілмейді. 1949 жылдың қазанында қабылданған заңнамаға сәйкес ағалы-қарындасар және немере ағалы-қарындасар жақын туыстар болып саналады. Сонымен қатар, 1973 жылы қабылданған заңға сәйкес осындай отбасылардың неке шарттары юридикалық күшін жоғалтуы тиіс делінген [6].

АҚШ келетін болсақ, ол жақта да бұл қағидаға сүйеніп, өзге дамыған елдерден ерекшеленбейді. Ал енді жақын туыстық қатынастар категориясына жататын тұлғалар: Әкесінің қызымен, анасының ұлымен, ата-әжесінің немерелерімен, аға-апайларымен (әке жақтан қалай болса, анасы жағынан да солай, тең дәрежеде) жиендер, немере іні-қарындастар болып танылады. Осындай тәрізді неке құрушылар заң алдында айыппұл төлеу немесе бас бостандығынан айыру жерлерінде қамалады [7,10].

Некелесуге құқықтық әрекетқабілеттілік. Әр мемлекетте отбасы заңнамаларында неке қию жасы белгіленген және көбінесе ол жас бірдей болып келеді. Бірақ әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақстан Республикасында неке (ерлі-зайыптылық) жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді. Ал отбасы заңнамасында көзделген ерекше жағдайларда:

1) жүкті болған;

2) ортақ бала туған кезде неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді.

3. Некеге отыруға тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке жасын төмендету туралы өтініш беруі мүмкін.

4. Неке жасын төмендетуге тек қана некеге отырушылардың келісімімен жол беріледі.

5. Неке жасына толмаған адамдар арасындағы немесе жасына толған адам мен неке жасына толмаған адам арасындағы некегенекені жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат беріледі [5].

Францияда некеге тұрушы тұлғалар кәмелет жасқа толған болуы тиіс. Яғни бұл мемлекетте қыздың кәмелет жасы – 15 жас болса, ал ұлдарға 18 жас болып табылады. Алайда, 21 жасқа толмаған азаматтар некеге тұрулары үшін ата-анасының және Президенттің рұқсатын алулары қажет (Азаматтық кодекстің 144 пункті). Болгарияда некелесуші екі жақтың жасы да 18 болуға тиіс; Венгрияда бойжеткен үшін 16 жас, ал ер бала 18 жас; Жапонияда 16 жас және 18 жас; Польшада сәйкесінше 18 және 21 жаста болулары қажет [4].

Мемлекеттерде неке қию жасын анықтау негізгі үш факторға сүйенеді деуге болады. Алдыменен некелесуші тұлғалардың екеуіде физикалық тұрғадын тиісті дәрежеге жетуі, яғни артынан дені сау ұрпақ әкелуге жағдайы болуы. Екіншіден, олардың психикалық жағынан жетілген жастары, өздерінің қандай қадамға бара жатқандарына толық қанық жауап бере білулері және үшіншіден, ер адам да, әйел де 18 жасқа қарай өздерінің қоғамдағы әлеуметтік жағынан ер жетулері. Яғни әрі қарай бағынышсыз өмір сүру, жұмыс істеп өз отбасы үшін жауап бере алады деген жас.

Некені бұзу жағжайлары. Францияда ажырасукезіндеері (зайыбы) екіншісінен отбасыны жоғалтқаны үшін өтемақы сұрауға немесе алименттерді төлеу туралы шарт жасасуға құқылы. Франциядағы ажырасу сот шешімі бойынша ғана орындалады (Қазақстан Республикасында мұны ортақ кәмелеттік жасқа толмаған балалары және мүлігі бойынша келіспеушіліктері болмаған жағдайда АХАЖ органдары жасай алады).

Франциялық азаматтық кодексі неке бұзудың 4 жағдайын қарастырады:

- Өзара келісушілік;
- Бірнемесе екі ерлі-зайыптымен мойындалған некелесу байланысын бұзуы;
- Ортакерлі-зайыптылық өмір сүрудің тоқтауы (ерлі-зайыптылар 2 жыл бөлек тұрады)
- Ерінің (зайыбының) немесе ерлі-зайыптылардың кінәсі

Сот шешімі күшке енген мезгілден бастап неке бұзылды деп саналады. Сонымен қатар ерлі-зайыптылардың бөлек тұру тәртібі де бар. Ол сот шешімі бойынша, бірақ неке бұзусыз әрекет етеді [2].

Британиядағы 1973 жылы қабылданған Отбасы келіспеушіліктері туралы заңына сәйкес, егер неке қиын матермалдық жағдайларда өтіп жатса, онда некені сот арқылы бұзуға болады. Сонымен қатар некені бұзу туралы сотқа арыз бере алады егер: бір тарап өзінің

отбасылық міндеттерін орындамаған кезде, ерлі-зайыптылар бір бірімен екі жыл бойы бөлек тұрса және ерлі-зайыптың опасыздығы жағдайында.

Сонымен қорытындылай келе, некеге тұру, некені бұзу, ерлі – зайыптылар арасындағы және отбасы мүшелерінің қарым қатынастары негізгі құқықтар мен бостандықтарға, конституцияға және дәстүрге де сәйкес келетін елдің заңымен реттелінетінін түсінуге болады. Қазақстан Республикасының отбасы заңнамасы да, ең алдымен, 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне негізделген. Оның 27-бабында неке мен отбасы, ана мен әке және баланы конституциялық-құқықтық қорғау қамтамасыз етіліп, ата-ананың және Неке-отбасы заңнамасы отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар, балалар және өзге туыстар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейді; неке қиюдың, неке тоқтату мен жарамсыз деп танудың шарттары мен тәртібін бекітеді; жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастыру нысандары мен тәртібін анықтайды; азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу тәртібін реттейді; азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларын анықтайды [8]. Осылайша, барлық дамыған мемлекеттердің қолданыстағы заңдары өте ұқсас деуге болады, әсіресе жақын туыстар арасындағы некеге тыйым салу, некені бұзу және т.б.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Комментарий к Английскому Праву. Права личности. 1989.
2. Франциядағы отбасы құқығы // www.echomsk.spb.ru
3. Современное Китайское Право, Чжанг Зао.
4. Семейное право других государств. Процедура заключения брака. <http://lawyers-portal.ru/>
5. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі <http://adilet.zan.kz/>
6. Английское Право // www.greenwich-meridian.com
7. Американский Семейный Кодекс (Калифорния) // <http://administrativka.ru>
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы.

УДК 347.633

ЗАБОТА О ДЕТЯХ, ИХ ВОСПИТАНИЕ – РАВНОЕ ПРАВО И ОБЯЗАННОСТЬ РОДИТЕЛЕЙ

Мағжан Тілек Ерганатұлы

Magzhan.t.95@mail.ru

Евразийский Национальный Университет им.Л.Н.Гумилева,

студент 2-курса, факультет юриспруденция

Научный руководитель – Жаманбаева Ж.Е.ст.преподаватель

Брак и развод – это, пожалуй, те общественные отношения, о правовом регулировании которых более или менее осведомлена значительная часть граждан, ибо ежегодно сотни тысяч людей на собственном опыте постигают премудрости этой правовой процедуры, познавая и торжественную радость заключения брака, и горечь его расторжения.

И, тем не менее, кажущаяся осведомленность на поверку оказывается весьма далекой от подлинного понимания серьезности именно правовых последствий этих поступков в жизни человека.

Брак – равноправный союз между мужчиной и женщиной, заключенный при свободном и полном согласии сторон в установленном законом порядке, с целью создания